

1. Педагогика – адам тәрбиесі туралы ҒЫЛЫМ

Педагогика ұғымы екі мағына береді. Біріншіден - білімнің ғылыми аумағы, ғылым; екіншіден - өнер, қолөнер, педагогикалық іс-әрекет аумағы. Педагогика атауының түп-төркіні гректің *"пайдос"* - бала және *"аго"* - жетектеу деген сөздерінен шыққан. *"Пайдагогос"* сөзін тура мағынасында аударса, *"бала жетектеуші"* деген ұғымды білдіреді. Яғни, баланы өмірге жетектеу, оқыту, оны тәрбиелеу, жан мен тәннің дамуына бағыттау дегенді білдіреді. Ежелгі Грецияда қожайынның баласын мектепке жетектеп апарып, алып қайтатын құлды педагог деп атаған. Ал мектепте ұстаздық етумен басқа білімдар құлдар айналысқан.

Мындаған жылдар бойына қажетті білім негіздері жиналып қордаланды, ең өміршеңі, ең қажеттісі қалып, берік орныққанша талай педагогикалық жүйелер кезектесе өмірге келіп, уақыт сынынан өтті, жарамсыздары тарих сахнасынан кетті. Тәрбие туралы ғылым да дамыды, ол адам тәрбиесі туралы ғылыми білімдерді жинақтап, жүйелеуді өзінің алдына басты міндет етіп қойды.


Педагогикалық қолдау

оқушымен бірлесіп оның қызығушылықтарын, мақсаттарын, мүмкіндіктерін және оған адамгершілік қасиетті сақтауға, өзін - өзі ұйымдастыруда позитивті нәтиже қол жеткізуге кедергі жасайтын мәселелерді жеңу жолдарын анықтау

тәрбиеленуші сенімінен шығу;

мұқтаж болған тәрбиеленушілерге қол ұшы жәрдемін беріп, қолдап-қуаттау.





Тәрбие барысын зерттеуші педагогика саласы тәрбие теориясы деп аталады. Егер оқу үдерісінің субъекттері мұғалім мен оқушы есептелетін болса, тәрбие үдерісінің қатысушылары - тәрбиеші мен тәрбиеленуші. Мектепте оқуды да, тәрбиені де жүргізетін бір тұлға - маман педагог.

Тәрбие - мақсатқа бағытталған тұлға бойында көзқарастар мен сенімдер, қасиеттер мен құндылықтар, мінез-құлық нормаларын қалыптастыру процесі.

Тәрбие - мақсатты, арнайы ұйымдастырылған жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру процесі.

Тәрбие - мақсатты түрде, адамзаттың өмір сүру барысында жинақтаған әлеуметтік тәжірибесін, ұрпақтан ұрпаққа алмастыру процесі.

Тәрбие - тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қоғамдық институттардың (отбасы, балабақша, мектеп, қоғамдық бірлестік) балаға әсер ету процесі.



ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ



Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

Оқушылардың шығармашылық жұмыстары көрмесі



Отбасы тәрбиесі

Мақсаты:

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

«25 Жұлдызды күн» айлығы аясында - 2 желтоқсанда «Отбас құндылықтар» күні «Менің отбасым» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды.





Рухани – адамгершілік – адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды.

Бір минутқа да күмәнданбаймын осы бір болмыстың барлық ежелгі сұрақтарына жауап беру үшін *жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғырту керек*, өзіңнің бастауыңа оралуың қажет.



С. А. Назарбаева



«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары

Жалпыұлттық идеяның миссиясы мен құндылықтары оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асырылады.

Білім беру үдерісін ұйымдастырудың басты ерекшелігі *білім беру мен тәрбиенің бірлігі* болып табылады.